

Халықаралық қатынастар факультеті
«халықаралық құқық» мамандығының 3 курс бакалариаты үшін
«Қылмыстық әділсоттың халықаралық стандарттары» пәні бойынша
қорытынды емтихан бағдарламасы
з.ғ.к., қауымдастырылған профессор Әпенев С.М.

Қорытынды емтиханды өткізу ережесі

Емтиханды өткізу нысаны – оффлайн платформасында ауызша.

Билеттерді Универ жүйесі арқылы деканның Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жасайды.

"Қылмыстық әділсоттың халықаралық стандарттары" пәні бойынша емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсы мұқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді зерттеу;
- сұрақтарға жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қаматамасыз ету үшін нормативтік актілердің ережелеріне сүйену ;
- берген жауапқа сенімділігін көрсету үшін құқықтық ережелерді келтіре отырып жауабын негізделген түрде беру;
- сот, арнайы органдары анық бір шешім қабылдайтындықтан балама жауаптарды өз шешімі ретінде келтірмеу.

Емтихан өткізу ережелері.

Ауызша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Емтиханды бастамас бұрын студент келу парағында көрсетілген орынға отырады. Емтиханға жауапты дайындау уақыты 25 минут. Жауапты дайындау кезінде заңдарды, оқулықтарды, дәріс материалдарын пайдалануға, өзге студенттерден сұрауға рұқсат етілмейді. Бұл ережелерді бұзған студент емтихан тапсыру аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабақтың барлық түрлерінде (дәрістер, практикалық, СОӨЖ) қарастырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген сұрақтарды қамтиды.

Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.

Бағалау саясаты. Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схемабойынша жүзеге асырылады:

1 сұрақ - 33 балл

2 сұрақ - 33 балл

3 сұрақ -34 балл.

Емтиханды өткізу кестесі.

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Ауызша емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-24 сағат.

Емтихан сұрақтары жасалатын пән тақырыптарының тізімі

1. Қылмыстық сот әділдігінің халықаралық стандарттары оқу пәні ретінде.
2. Қылмыстық сот әділдігінің халықаралық стандарттары даму тарихы, кезеңдері.
3. Қылмыстық сот әділдігінің халықаралық құқықтық стандарттарының анықтамасы, құқықтық күші және классификациясы.
4. Заңгерлердің кәсіби қызметінің халықаралық стандарттары.
5. Заңгерлерге-судьяларға, адвокаттарға қойылатын деонтологиялық (нормалар және қағидалар) талаптар.
6. Күдіктінің құқықтарының ХҚ стандарттары және ҚР ҚПК бойынша процессуалдық мәжбүрлеу шаралары.
7. Заңгерлік кәсіптің тәуелсіздігіне қатысты стандарттар.
8. Білікті заң көмегін алуға қатысты конституциялық құқық. ҚР адвокатурасы.
9. Адвокаттық қызмет бойынша халықаралық стандарттар.
10. Кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асырудың ХҚ стандарттары.
11. Сот талқылауындағы қорғаушының ХҚ мәртебесі және ҚР ҚПК нормалары.
12. Сот жүріс-тұрысының бангалорлық қағидалары.
13. Қылмыстық сот әділдігінің ХҚ стандарттары және ҚР құқық қорғау органдарының жүйесін реформалаудың мәселелері.
14. Алдын ала тергеу органдарының қызметтері бойынша халықаралық құжаттар.
15. Әділсотты қолданудағы моралдық этикалық мәселелер бойынша халықаралық стандарттар.
16. Қылмыстық процестегі айыпталушының құқықтарына кепілдіктің төменгі деңгейі.
17. Қылмыстық сот өндірісіндегі адамның құқықтары бойынша Еуропа Соты шешімдері.
18. Трансұлттық және ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес саласындағы ХҚ стандарттар және ҚР заңнамасы.

19. Қылмыстық сот әділдігінің стандарттарын орнатудағы БҰҰ институттары мен мекемелерінің қызметі

Оқу әдебиеттері

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. 2014 жылы қабылданған.
2. Стандарты справедливого правосудия (международные и национальные практики) / кол.авторов ; под. ред. д. ю. н. Т.Г. Морщаковой. – М.:, 2012. 584 с.
3. Самалдыков М.К. Правоохранительные органы РК: учебно-метод. пос. – 2-е изд., перераб. и доп. / М.К.Самалдыков. - Алматы: Қазақ ун-ті., 2014. – 465 с.
4. Әпенев. С.М., Айдарбаев С.Ж., Шакиров К.Н. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы. (Сотқа дейінгі өндіріс) Жалпы және Ерекше бөлімдері. Оқулық. –Алматы, 2016 ж.
5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы.